

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ОБУЧЕНИЕ И ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ С ОСОБЫМИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫМИ ПОТРЕБНОСТЯМИ

УДК:376.112.4
МРНТИ 14.29.05

Ж.И. Сардарова¹, С.Ш. Махатай²

¹п.ғ.д, аға оқытушы,

(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті), saltakppk@mail.ru

²магистрант, (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті)

ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада ерекше білімді қажет ететін оқушыларды педагогикалық-психологиялық қолдау мәселелері туралы сөз қозғалды. Ерекше білімді қажет ететін балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау мәселелері көптеген авторлардың еңбектерінде зерттеліп, теориялық дереккөздер жинақталған. Алайда, қазақ тіліндегі зерттеу әдебиеттері мен әдістемелік құралдардың аз болуы мәселенің өзектілігін айқындап, қарама-қайшылық тудыруда. Педагогикалық-психологиялық тұрғыдан қолдау мәселесі кезек күттірмейтін маңызды жұмыстар кешені болғандықтан, мақала барысында эксперименттік жұмыс орын алды. Анықтаушы эксперимент кезінде бастауыш сыныпта білім алатын ерекше білімді қажет ететін балалардың білім алуға қиындықтарын анықтауға арналған жұмыстар өткізілді. Ең алдымен тәрбие мәселесіндегі қиындықтарды анықтау мақсатында ата-аналарға арналған сауалнама құрастырылды. Сауалнамада баланың білім алуы мен тәрбие саласындағы негізгі дағдылардың қалыптасуы бойынша сауалдар келтірілді. Сондай-ақ, коммуникативті паспорт арқылы баланың қарым-қатынас дағдыларының даму деңгейі анықталды. Нәтижесінде білім алу мен білім беру ордасындағы тәрбие мәселелеріне қатысты кемшіліктер анықталып, оларды қолдау арқылы шешу жолдары келтірілді. Педагогикалық-психологиялық қолдау үшін жүйелілік қағидасының шеңберінде жұмыстар ұйымдастырылды. Жүргізілген жұмыстар қорытындыланып, динамикалық көрсеткіштер жасалынды.

Түйін сөздер: ерекше білімді қажет ететін балалар, педагогикалық-психологиялық қолдау, оқу қызметі.

Сардарова Ж.И.¹, Махатай С.Ш.²

¹д.п.н, старший преподаватель,

(Казахский национальный педагогический университет имени Абая)

saltakppk@mail.ru

²магистрант, (Казахский национальный педагогический университет имени Абая)

ОСНОВЫ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ, НУЖДАЮЩИХСЯ В ОСОБЫХ ЗНАНИЯХ

Аннотация

В статье речь шла о вопросах психолого-педагогического сопровождения учащихся, нуждающихся в особом знании. Проблемы психолого-педагогического сопровождения детей, нуждающихся в особом знании, исследованы в трудах многих авторов и обобщены теоретические источники. Однако недостаточное количество исследовательской литературы и методических пособий на казахском языке выявляет актуальность проблемы и вызывает противоречия. В связи с тем, что проблема психолого-педагогического сопровождения представляет собой комплекс неотложно важных работ, в ходе статьи была проведена экспериментальная работа. Во время констатирующего эксперимента были проведены работы по выявлению затруднений в получении образования детьми с особыми образовательными потребностями, обучающимися в начальной

школе. В первую очередь составлена анкета для родителей с целью выявления трудностей в вопросах воспитания. В анкете были приведены вопросы по формированию у ребенка основных навыков в области образования и воспитания. Также с помощью коммуникативного паспорта был определен уровень развития коммуникативных навыков ребенка. В результате были выявлены недостатки в вопросах образования и воспитания в образовательном учреждении, приведены пути их решения путем их поддержки. Для психолого-педагогической поддержки организована работа в рамках принципа системности. Были подведены итоги проведенной работы, разработаны динамические показатели.

Ключевые слова: дети с особыми образовательными потребностями, педагогико-психологическая поддержка, учебная деятельность.

Sardarova Zh.I¹, Makhatay S.Sh².

¹Associate professor of pedagogical sciences.
(Abai Kazakh National Pedagogical University)
saltakppk@mail.ru

²student of master's degree, (Abai Kazakh National Pedagogical University)

FUNDAMENTALS OF PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL SUPPORT FOR YOUNGER SCHOOLCHILDREN IN NEED OF SPECIAL KNOWLEDGE

Abstract

The article dealt with the issues of psychological and pedagogical support of students in need of special knowledge. The problems of pedagogical and psychological support of children in need of special knowledge have been studied in the works of many authors and theoretical sources have been generalized. However, the insufficient amount of research literature and methodological manuals in the Kazakh language reveals the relevance of the problem and causes contradictions. Due to the fact that the problem of psychological and pedagogical support is a complex of urgently important works, experimental work was carried out in the course of the article. During the ascertaining experiment, work was carried out to identify difficulties in obtaining education for children with special educational needs studying in primary school. First of all, a questionnaire was compiled for parents in order to identify difficulties in parenting. The questionnaire included questions on the formation of the child's basic skills in the field of education and upbringing. Also, with the help of a communication passport, the level of development of the child's communication skills was determined. As a result, shortcomings in the issues of education and upbringing in an educational institution were identified, ways of solving them by supporting them were given. For psychological and pedagogical support, work is organized within the framework of the principle of consistency. The results of the work carried out were summed up, dynamic indicators were developed.

Keywords: children with special educational needs, pedagogical and psychological support, educational activity.

Кіріспе

Бүгінгі таңда біздің елімізде бірқатар себептерге байланысты білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар санының өсуі байқалады.

Қазіргі уақытта ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мәселесі уақыт күттірмейтін өзекті тақырып болып отыр, олардың даму ерекшеліктеріне байланысты оқу, коммуникативті іс-әрекеттерін және мінез-құлқын ұйымдастыруда қиындықтар шешімін күтуде.

Әрбір бала оның жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауы керек екенін түсіну керек [1].

Психологиялық-педагогикалық қолдау – бұл оқу процесінде әр баланың сәтті дамуы мен оқуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын тұтас жүйе.

Негізгі бөлім

Ерекші білімді қажет ететін баланы психологиялық-педагогикалық қолдау деп баланың және оның ата-анасының дамуына, оқуына, тәрбиесіне, әлеуметтенуіне байланысты мәселелерді шешуде

психологиялық-педагогикалық қолдау мен көмек көрсетудің кешенді технологиясын түсінуге болады.

Тиісінше, сүйемелдеу субъектісі балалар, олардың ата-аналары, баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне қатысатын мекеме тәрбиешілері болып табылады.

Сүйемелдеуді келесі мамандар жүзеге асырады: әлеуметтік педагогтар, дефектолог-мұғалімдер, логопедтер, психологтар және педагогтар.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың **мақсаты** – баланың қалыпты және сәтті дамуы, оқуы үшін психологиялық жағдай жасау.

Психологиялық-педагогикалық қолдаудың **міндеттері**:

– ерекше білім алатын балаларға педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік көмек көрсету;

– педагогикалық құрамда және балалар ұжымында эмоционалды қолайлы климат құру;

– дамудағы бұзылуларды уақтылы диагностикалау және түзету;

– баланы оқыту мен тәрбиелеуге қатысты мәселелер бойынша ата-аналар мен мұғалімдердің психологиялық және педагогикалық құзыреттілігін арттыру;

– балалардың жеке ерекшеліктерін зерттеу [2].

Қазақстанда ерекше білімді қажет ететін балаларға денсаулығына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болған және арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларына мұқтаж адамдарды жатқызады.

ЭЫДҰ елдерінде «ерекше білім беру қажеттіліктері» термині дене бітімі, психикалық ерекшеліктері, қабылдауы мен мінез-құлқы бұзылған балаларға, созылмалы аурулары бар балаларға, ауруханада немесе үйде ұзақ уақыт емделіп жүрген балаларға, эмоционалды мәселелері бар балаларға, тұрмысы қолайсыз отбасылардан шыққан балаларға, жетім балаларға немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, зорлық-зомбылықтан аман қалған балаларға, әскери жанжалдар аймақтарынан шыққан балаларға, босқындар мен қоныс аударған адамдарға қолданылады. Бұл терминдерді дарынды балаларға бірдей қолдануға болады, өйткені бұл балалардың да ерекше қажеттілігі бар – талантты дамыту және жеке қасиеттерін ашу [3].

Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде арнайы білім беру қажеттіліктерінің келесі анықтамасын қолдану ұсынылады – бұл оқушылардың психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік және басқа көмекке қажеттіліктері, онсыз сапалы білім алу мүмкін емес. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың келесі топтары бөлінеді:

1 топ. Психофизикалық дамуы бұзылған балалар – есту, көру, зият, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты бұзылған, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-еріктік бұзылулары бар балалар.

2 топ. Оқу қиындықтары, мінез-құлық және эмоционалды мәселелері бар балалар. Ақыл-ойы сақталған студенттерде кездесетін ерекше қиындықтар Жеке оқу дағдыларын игеруде көрінеді: жазу, оқу немесе санау (дисграфия, дислексия, дискалькулия және т.б.). Бұл қиындықтар, әдетте, уақытша болып табылады және оларға мамандардың көмегі болған жағдайда жеңілдейді. Мінез-құлық және эмоционалды проблемалар дамудың ерекше проблемаларына (гиперактивтілік пен көңіл жетіспеушілігінің синдромы, аутизм спектрінің өрескел бұзылуы және т.б.), сондай-ақ қолайсыз психологиялық факторларға (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, ата-ана мен отбасылық қарым-қатынастар) байланысты болуы мүмкін, бұл құрдастарымен және мұғалімдермен (ұялшақтық, енжарлық, оқшаулау немесе жанжал, агрессивтілік).

3 топ. Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени себептерге байланысты ерекше білім – 13 қажеттілік туындайтын білім алушылар. Бұған аз қамтылған отбасылардан шыққан немесе балаларды тәрбиелеу мен дамытуға тиісті назар аудармайтын, әлеуметтік қауіпті отбасылардан шыққан (алкоголизммен, нашақорлықпен ауыратын ата-аналар және т. б.), сондай-ақ жергілікті социумға бейімделу қиындықтары бар (босқындар, мигранттар, оралмандар) немесе нашар түсінетін және мектептегі тілде сөйлемейтін және т. б. балалардың микросоциалдық және педагогикалық қараусыздығын жатқызуға болады.

ҚР жалпы білім беру педагогтері үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушы бұл психофизикалық дамуы бұзылған оқушы ғана емес, оқуда қиындық көріп отырған кез келген білім алушы екенін түсіну маңызды. Психофизикалық дамуында ауытқулары жоқ екінші және үшінші топтағы оқушылар көбінесе психологиялық-педагогикалық кеңеспен жүгінбейді және анықталмайды.

Тиісінше, жалпы білім беретін мектеп оқушылардың осы топтарын өз назарында ұстап, уақтылы анықтап, оларға көмек көрсетуі керек.

Жоғарыда айтылғандар баланы білім беру процесіне қосу үшін жеке тәсіл қажет, ал оқыту әр баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұйымдастырылуы керек деп болжауға мүмкіндік береді.

Ю.А. Афонькина, И.И. Усанова, О.В. Филатова психологиялық-педагогикалық қолдаудың 5 кезеңін ажыратады: диагностикалық, кеңес берушілік, ізденушілік, әрекеттік кезең, рефлексия кезеңі. Сол себепті мәселенің ауқымы мен көлемі де ұлғайып отыр.

Бұл мәселені талдау ерекше білімді қажет ететін баланы білім беру процесіне толық енгізу үшін жеке тәсіл ретінде маңызды рөл атқарады, сондықтан әр баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оқытуды сауатты әрі кешенді ұйымдастыру қажет. Ерекше білімді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құру жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі. Өйткені, кез-келген баланың толыққанды дамуы қазіргі даму кезеңіндегі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады, ол осы мақсатқа жетудің тиімді жолдарын іздеуді талап етеді. Баланың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес даму құқығын қорғау ата-аналар, медицина қызметкерлері, мұғалімдер мен психологтар тығыз қарым-қатынас жасайтын қызмет саласына айналады [4].

Бұл жағдайда психологиялық-педагогикалық қолдау субъектілері баланың сәтті қызметіне қызығушылық танытқан барлық адамдар әрекет етеді, бірақ жетекші рөл – қосымша білім беру мекемесі шеңберіндегі процесті ұйымдастырушы, әрине, баланың даму үшін таңдаған бағдарламасын тікелей жүзеге асыратын мұғалімнің мойнына түседі. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау технологиясы қосымша білім беру мұғалімінің алгоритмі болып табылады, оны жүзеге асыру мүмкіндігі шектеулі балаға таңдалған салада өз қабілеттерін дамытуға және көрсетуге жағдай жасайды, сонымен қатар оның балалардың білім беру бірлестігінде әлеуметтік бейімделуі мен қалпына келуіне ықпал етеді.

Жоғарыда көрсетілген ережелер қолдаудың мақсатын анықтауға мүмкіндік береді: балалардың білім беру бірлестігінде ерекше білімді қажет ететін баланың сәтті бейімделуіне, қалпына келуіне және жеке өсуіне ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жағдайлардың кешенді жүйесін құру. Осы мақсат негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру аясында қосымша білім беру мұғалімі қызметінің келесі міндеттерін анықтауға болады.

– баланың даму бұзылыстарын түзету және алдын алу, (әлеуметтік-педагогикалық: әлеуметтік бейімделу, жеке: өз-өзіне күмәндану, жоғары мазасыздық, өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі және т. б.);

– балаға дамудың және әлеуметтенудің өзекті міндеттерін шешуге көмектесу (жәрдемдесу): білім беру және кәсіби бағдарды таңдау проблемалары, эмоциялық-еріктік саланың бұзылуы, балалармен қарым-қатынас проблемалары;

– ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін (педагогикалық мәдениетін) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің толыққанды субъектілеріне айналдыру мақсатында дамыту.

– даму үшін қолайлы әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасау ;

– тұлға, баланың қосымша білім беру бағдарламасын игеруінің табыстылығы;

– мүмкіндігі шектеулі балаға және оның ата-анасына тікелей психологиялық-педагогикалық көмек [5].

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің белгіленген жалпы мақсаттары мен міндеттерімен қатар, белгілі бір оқушыға арналған бағдарламаны әзірлеу кезінде баланың психофизиологиялық ерекшеліктеріне, оның мүмкіндіктеріне, қалауына, отбасының тәрбиелік әлеуетіне негізделген жеке мақсаттар мен міндеттерді анықтау қажет. Қосымша білім беруде баланы қолдау саласындағы ең маңыздылары ретінде мыналарды атап өткен жөн:

– оңалту және дамыту, баламен оның таңдалған қызмет саласында маңызды қасиеттерді дамыту арқылы оны балалар ортасында оңалтуға бағытталған жұмысты ұйымдастыруды қамтиды, аталған қызмет түрі арқылы компенсация үрдісі іске асады;

– бағдарламалық-болжамдық, тәртіпті қамтамасыз етуге арналған білім алушы өзі таңдаған қосымша білім беру бағдарламасын игеруде қол жеткізе алатын нәтижелерді жобалау және болжау негізінде сүйемелдеу бағдарламасын құру арқылы баланы оқыту, тәрбиелеу және дамыту шеңберінде білім беру процесі субъектілерінің іс-әрекеттері;

– түзету-пропедевтикалық, балаға байланысты мәселелердің туындауын уақтылы болжау және ықтимал қиындықтардың алдын алуға бағытталған шаралар жүйесін әзірлеу арқылы дамудың кемшіліктерін женуде уақтылы көмекті қамтамасыз етеді;

– диагностикалық-аналитикалық, қосымша білім беру бағдарламасын игеру аясында баланың жетістіктерін зерттеу, бағалау және талдау бойынша жүйелі іс-әрекеттің орындылығы мен қажеттілігін анықтайды, білім алушының жеке даму үдерісіне мониторинг жүргізу, болып жатқан өзгерістердің себептерін және оның жеке өсу перспективаларын анықтаумен айналысады;

– үйлестіру-интеграциялық, баланың білім беру бірлестігі жағдайында балалар үшін ең қолайлы даму траекториясын дамытуда мамандар мен отбасының күш-жігері мен мүмкіндіктерін біріктіру арқылы баламен жұмыс істеуге қатысатын адамдардың іс-әрекеттерін үйлестіру процесінің тиімділігін жүзеге асыруға және арттыруға бағытталған.

Қазіргі білім беру саясаты негізінде мемлекет пен қоғамда ерекше білімді қажет ететін баланың құқықтары мен мүмкіндіктерін ұсынуға өзгерістер болды. Бұл ерекше білімді қажет ететін балаларды білім беру және тәрбиемен барынша қамтудың практикалық міндетін қоюға әкелді. Кез-келген баланың оның қажеттіліктеріне жауап беретін және жеке дамудың барлық мүмкіндіктерін пайдаланатын білім алу құқығын тану білім беру саясатында жаңа бағдарлар құруға әкелді. Нәтижесінде, педагогикалық және психологиялық қолдаудың жаңа мүмкіншіліктері ашылды [7].

Мемлекет ерекше білімді қажет ететін балалардың әлеуметтік және білім беру интеграциясының маңыздылығын және олар үшін жалпы және арнайы білім беретін мекемеде тиісті білім беру процесін құру қажеттілігін мойындады.

Ерекше білімді қажет ететін балалар өздерінің құрдастарына тән танымдық қызығушылықтармен және білім беру қажеттіліктерімен қатар оқытудың ерекше қажеттіліктеріне ие:

- баланы оқытуды бастау дамудың алғашқы бұзылуы анықталғаннан кейін бірден қажет;
- ерекше білімді қажет ететін баланы оқытуды қалыпты дамып келе жатқан бала үшін қажет болғаннан гөрі жекелендіру керек;
- баланың оқу мазмұнына кіріспе қалыпты дамып келе жатқан құрдастарының білім беру бағдарламаларында жоқ арнайы бөлімдер;
- оқытудың «айналып өту жолдарын» іске асыруды қамтамасыз ететін және оқу материалын меңгеруді жеңілдететін оқыту әдістерін, тәсілдері мен құралдарын пайдалану;
- білім беру ортасының ерекше кеңістіктік және уақытша ұйымдастырылуын қамтамасыз ету;
- білім беру кеңістігін білім беру мекемесінен тыс жерде барынша кеңейту [6].

Бұзушылықтардың сипаты мен ауырлығына байланысты ерекше білімді қажет ететін балалардың әртүрлі санаттарының ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, осы қажеттіліктерді барынша қанағаттандыруға бағдарлану, жалпы білім беру стандартын жүзеге асыру қажеттілігімен қатар, мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқытудың тиімділігінің қажетті шарты болып табылады. Мұндай баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы ғана оған жалпы білімге жол ашуға болады.

Зерттеу жұмысының мәнін ашу үшін педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдау, сауалнама, модельдеу және тәжірибелік-эксперимент әдістері қолданылды.

Бастауыш сыныпта білім алатын ерекше білімді қажет ететін балала үнемі мамандар тарапынан үлкен қолдауға мұқтаж. Олардың сапалы білім алуы мен қоғамға табысты кірігуі педагогикалық – психологиялық қолдау жұмысына тікелей байланысты болады.

Зерттеу мына зерттеу базасында өткізілді:

Зерттеуге бастауыш сыныпта білім алатын ерекше білімді қажет ететін 10 бала қатысты. Балалардың аңғарымына келсек: ПДТ және сөйлеу тілінің әртүрлі бұзылыстары. Бастапқы деректер бойынша балалардың оқу үлгерімінде, қарым-қатынас дағдыларында қиындықтар байқалады.

Зерттеудің анықтаушы эксперимент кезеңінде төмендегі әдістер таңдалынып алынып, зерттеу әдістерінің негізін құрады:


«Балалардың танымдық даму деңгейінің бастапқы қалпын анықтау» әдісі. [7].

Мақсаты: танымдық қызметтердің даму деңгейін анықтау.

Барысы: балаларға зейін, қабылдау және ойлау қызметтерінің дамуын анықтайтын 3 тапсырма берілді. 1 – тапсырмада берілген заттар арасынан артығын табуға нұсқаулық берілді. Ал, 2 – тапсырма кезінде бастапқы сурет пен ең соңғы көрсетілген сурет арасында қандай айырмашылық бар екендігін анықтады. 3 – тапсырмада балаларға 3 қатардан тұратын суреттер ұсынылды. 3 қатардың соңында қандай сурет екендігін анықтауға тапсырма берілді.

Танымдық қызметтердің дамуына қарай балаларға жоғары, орташа және төмен деңгейлер қойылды.

Ұсынылған әдіс бойынша балаладың даму деңгейінің төмен екендігі анықталды. Нақтырақ айтқанда, балалар 1 – тапсырма кезінде 40 % төмен, 60 % орташа нәтиже көрсетті. Ал, 2 – тапсырма барысында төмен нәтиже 70 %, орташа көрсеткіш 30 % құрады. 3 – тапсырмада орташа және төмен деңгейлері 50/50 % үлесінде болды. Аталған тапсырмалар бойынша мына диаграмма алынды:



Сурет 1. «Балалардың танымдық даму деңгейінің бастапқы қалпын анықтау» әдісінің нәтижелері

Оқу процесіндегі қиындықтарды анықтау сауалнамасы [8].

Мақсаты: балалардың білім алуындағы негізгі қиындықтарды анықтау.

Барысы: балалар білім алатын сыныптың сынып жетекшісіне арнап сауалнама сұрақтары әзірленді. Сауалнама мазмұны төмендегідей болды:

1. Баланың білім алудағы қиындықтар дәрежесін жоғары деп бағалай аласыз ба?
2. Баланың тәрбие процесіне қатысты қиындықтар туындайды ма?
3. Баланың сыныптастарымен қарым-қатынасы кезінде қиындықтар туындайды ма?
4. Баланың ата-анасының жұмысына наразылықтарыңыз бар ма?
5. Баланың психологиялық күйі көмекке мұқтаж ба?
6. Баланың жеке дамыту бағдарламасына өзгерістер енгізу қажет пе?

Берілген сауалнаманың бағалануы әр баланың жеке бланкісіндегі «иә» жауабының санына байланысты болды:

5-6 балл – педагогикалық-психологиялық қолдау қажеттегінің жоғары деңгейі.


3-4 балл – педагогикалық-психологиялық қолдау қажеттегінің орташа деңгейі.

0-2 балл – педагогикалық-психологиялық қолдау қажеттегінің төмен деңгейі.

Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде мынадай нәтижелер алдық:

1. Зерттеуге қатысқан 10 баланың алтауында, яғни 60 % танымдық қызметтердің дамуының төмен деңгейі, ал қалған 40 % орташа деңгей анықталды.
2. Қарым-қатынас дағдыларының мәселелері қаздарға қарағанда ұл балаларда басымырақ болды.
3. Сауалнама нәтижелеріне сүйенсек, ерекше білімді қажет ететін балалардың ата-аналарының басым бөлігінде баламен жұмысқа деген құзыреттіктің төмен деңгейі анықталды.

Нәтижелер негізінде мына диаграмма алынды:



Сурет 2. Оқу процесіндегі қиындықтарды анықтау сауалнамасының нәтижесі

Қорытынды

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы қыркүйек айындағы Қазақстан халқына жолдауында ерекше білімді қажет ететін балаларға ерекше көңіл бөлу қажеттілігін, оларды қолдаудың жаңа аспектілерін ашу мүмкіндіктерін тілге тиек еткен болатын.

Қазіргі уақытта ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мәселесі уақыт күттірмейтін өзекті тақырып болып отыр, олардың даму ерекшеліктеріне байланысты олардың оқу, коммуникативті іс-әрекеттерін және мінез-құлқын ұйымдастыруда қиындықтар шешімін күтуде.

Әрбір бала оның жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оның дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауы керек екенін түсіну керек.

Ерекші білімді қажет ететін баланы психологиялық-педагогикалық қолдау деп баланың және оның ата-анасының дамуына, оқуына, тәрбиесіне, әлеуметтенуіне байланысты мәселелерді шешуде психологиялық-педагогикалық қолдау мен көмек көрсетудің кешенді технологиясын түсінуге болады.

Тиісінше, сүйемелдеу субъектісі балалар, олардың ата-аналары, баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне қатысатын мекеме тәрбиешілері болып табылады.

Қазақстанда ерекше білімді қажет ететін балаларға денсаулығына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болған және арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларына мұқтаж адамдарды жатқызады [9].

Қорыта айтқанда әдебиеттерге талдау жүргізу мен эксперимент өткізу негізінде бастауыш сыныпта білім алатын ерекше білімді қажет ететін балаларды педагогикалық – психологиялық қолдау мәселесінің өзектілігі айқындала түсті.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Волкова Л.С., Шаховская С.Н., Логопедия: Учебник для студентов дефектологических факультетов педагогических высших заведений / Под ред. Л.С.Волковой, С.Н. Шаховской. – 3е изд., переработ. и доп. М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2011.
2. Лубовский В.И. Психологические проблемы диагностики аномального развития детей. – М.: Педагогика, 2008.
3. Сластенин В.А., Исаев И.Ф., Шиняев Е.Н., Педагогика, 2014.

4. Гладкая И.В., Глубокова Е.Н., Писарева С.А., Пискунова Е.В., Тряпицына А.П., Основы современной системы общего образования / Учебно-методическое пособие / Санкт-Петербург, 2014.
5. Альшеева Т.В., Васенков Г.В., Воронкова В.В. Олигофренопедагогика. / Учебное пособие для вузов. – М. : Дрофа, 2009.
6. Бгажнокова И.М. Школа для детей с нарушениями интеллекта. Тенденции, перспектива развития // Дефектология. 2004. № 3.
7. Меремьянина А.И. Из опыта сотрудничества педагогов специальной (коррекционной) школы VIII вида с родителями учащихся. // Дефектология. 2005. № 1.
8. Худенко Е.Д., Гавриличева Г.Ф., Селиванова Е. Ю., Титова В.В. Организация и планирование воспитательной работы в специальной (коррекционной) школе-интернате, детском доме. – М.: АРКТИ, 2010.
9. Ульенкова У.З. Шестилетние дети с ЗПР. – М., 2018

УДК 376.3
МРНТИ 14.29.29

А.К. Сатова ¹, А.О. Шагыр ²

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент,
психология ғылымдарының докторы, профессор, satova57@mail.ru
²7M01906 – «Дефектология: Инклюзивті білім беру бойынша мамандар даярлау» мамандығының
I курс магистранты, moon777.as@mail.ru, Педагогика және психология институты
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Қазақстан, Алматы қ.

ЖСТД БАЛАЛАРДА ФРАЗАЛЫҚ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Мақалада фразалық сөйлеу тілінің бала дамуындағы орны қарастырылған. Жалпы сөйлеу тіл дамымауы ұғымына түсініктеме беріліп, оның деңгейлеріне қысқаша шолу жасалған. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың фразалық сөйлеу тілінің қалыптасу ерекшеліктері көрсетілген.

Ксөздер: сөйлеу тілі, фразалық сөйлеу тілі, жалпы сөйлеу тіл дамымауы, сөйлеу тіл функциялары, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымы.

Сатова А. К. ¹, Шагыр А. О. ²
¹кандидат педагогических наук, доцент,
доктор психологических наук, профессор, satova57@mail.ru
²Магистрант I курса 7M01906 – «Дефектология: Подготовка специалистов по инклюзивному образованию», moon777.as@mail.ru ²
Институт педагогики и психологии, Казахский национальный педагогический
университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ФРАЗОВОЙ РЕЧИ У ДЕТЕЙ С ОНР

Аннотация:

В статье рассматривается место фразовой речи в развитии ребенка. Дается объяснение понятию общего речевого недоразвития и дается краткий обзор его уровней. Показаны особенности формирования фразовой речи детей с общим недоразвитием речи.

Ключевые слова: речь, фразовая речь, общее речевое недоразвитие, речевые функции, грамматический строй речи.